



6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша (PhD) философия ғылыми дәрежесін алуға докторант PhD Улдан Батырхановна Дербисбековаға «4*H*-пиридо[4',3':5,6]пирано[2,3-*d*]пиримидин» туындысының субстанциясы негізіндегі дәрілік қалыптың құрамы мен технологиясын жасау» тақырыбы туралы ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д., доцент Убайдилла Махамбетұлы Датхаевтың

ПІКІРІ

ДДҰ ұсыныстарына сәйкес, елдің фармацевтикалық өнімдерін өндірудің стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында фармацевтикалық нарықтың жалпы көлемінің 20 % -нан кем болмауы тиіс. Бізде бұл көрсеткіш 10-12 % деңгейінде, ал Қазақстандық фармацевтикалық өндірушілер қарапайым дәрі-дәрмектерді немесе импортталатын заттар негізінде генериктерді шығарады.

Сондықтан қазіргі таңда белгілі субстанциялардың құрылымына ұқсамайтын радикалды күшті молекулаларды іздеуді жандандырудың маңызы артып келеді. Микробтарға және зендерге қарсы белсенділігі бар жаңа құрылымдарды белгілі бағытта синтездеу, биологиялық дәрілік шикізаттар композициясындағы заттарды іздеуден айырмашылығы, әсер етуші заттардың идентификациясын қажет етпейді және скрининг туындыларының белгілі мөлшерін алуға мүмкіндік береді, бұл дамудың тиімділігін едәуір арттырады. Өйткені гетероциклды қосылыстар қазіргі таңда да микробқа қарсы әсерге ие жаңа заттардың негізгі көзі болып табылады, осы мақсатта басым түрде құрамында пиримидин сақиналы қосарланған азот жүйелерінің туындыларының негізіндегі белсенді заттарды іздестіру және оның негізінде дәрілік қалып жасау қазіргі таңда, болашағы баржәне өзекті мәселе болып отыр.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсатында және бәсекелестікке қабілетті зеңге қарсы синтетикалық дәрілік қалыптың құрамын жасап шығару докторлық диссертацияның негізгі міндетінің бірі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде зеңге қарсы синтетикалық препараттарды жасау мәселелері бойынша мәліметтер сипаттамасы келтірілген. Екінші бөлімде зерттеу материалдары және зерттеу әдістері: физика-химиялық, технологиялық, микробиологиялық әдістері көрсетілген. Үшінші бөлімде ҚР-ның нарығындағы зеңдерге қарсы дәрілік препараттарға маркетингтік талдау жүргізу нәтижелері жазылған. Дәрілік қалыптар нарығында маркетингтік зерттеу, ішкі және сыртқы бәсекелестікті бағалау, сапасы жоғары және бәсекелестікке қабілетті тауар өндіру мәселелері қарастырылған. Төртінші бөлімде скрининг және дизайн негізінде 2-(6-гидроксиметил-9-метил-2-арил-5*H*-пиридо[4',3':5,6]пирано[2,3-*d*]пиримидин-4-илсульфанил) ацетамидтерді



синтездеу үрдістері жазылып көрсетілген. Бесінші бөлімде «Anticandid» гелінің ұтымды технологиясының фармацевтикалық негіздемесі жасалынған. Зерттеу жұмысының алтыншы бөлімінде «Anticandid» гелінің сапасын бағалау және сақтау мерзімін анықтау нәтижелері жазылған. Жетінші бөлімде пиперидинилэтанон субстанциясының және «Anticandid» гелінің биологиялық қауіпсіздігі мен белсенділігін зерттеу нәтижесі бойынша мәліметтер жазылған.

Диссертациялық зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімі Ұлттық фармацевтикалық университетте (Харьков қаласы, Украина) жасалды.

У.Б. Дербисбекова ғылыми-зерттеу жұмысын орындау кезінде өзінің жоғары білімділігін, қабілеттілігін көрсетті. Саяси-идеялық тәрбиесі жетік, факультет өміріндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Өз тобының және басқа топ жолдастары және оқытушылар арасында сыйлы және сенімдерін ақтайтын докторант PhD.

Зерттеу нәтижелері бойынша Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияларда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда мақалалар мен тезистер жарияланған. Сонымен қатар мақала импакт-фактормен Web of Science Core Collection және Scopus база басылымында 3 мақала жарық көрді. Зерттеу нәтижелері бойынша ҚР Әділет министрлінің №2239, 15.09.2016 ж., «Зеңге қарсы дәрілік гелі» атаулы пайдалы модельге патентімен расталды. Сондай-ақ, тіркеу №2017/0720.1, 31.08.2017 ж. «Пиперидинилэтанон субстанциясының негізіндегі зеңге қарсы әсері бар гель» атаулы, өнертабыс патентін алуға тапсырыс беріліп, оң шешім туралы қорытындысы алынды.

У.Б. Дербисбекова өзінің диссертациялық жұмысында тәжірибелік өзектілігі, қойылған мақсат, міндеттері, ғылыми жаңалығы бойынша ерекше орын алады және 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденудің диссертациясына қойылатын барлық талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек деп санаймын және қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші,
стратегиялық және корпоративтік
даму жөніндегі проректоры,
фармацевтика ғылымдарының
докторы, доцент**

ҚОЛЫН РАСТА...
С.Ж.Асфендияров атындағы
ҚазНМУ-дың кеңсе меңгерушісі
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Зав. канцелярией
КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова



У.М. Датхаев